

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
16.06.2021 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 16.06.2021 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

**ТӨРАҒА.** Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуына байланысты өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Нұрлан Асқарұлы Ноғаев мырзаға беріледі.

**НОҒАЕВ Н.А.** Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуына байланысты өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы Қазақстан Республикасы заңының жобасын әзірледі.

Еуразиялық экономикалық одақ туралы негізгі шартқа 2014 жылғы 29 мамырда Беларусь, Қазақстан және Ресей арасында қол қойылды.

Армения 2014 жылғы 10 қазанда қол қойылған Армения Республикасының қосылуы туралы шарт шеңберінде Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қосылды, оны барлық мүше мемлекеттер ратификациялады және 2015 жылғы 2 қаңтарда Армения одақтың толық құқылы мүшесі болды.

Бұл ретте шартқа №21 қосымшаның баға белгілеу және тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету туралы хаттамаға қосымша болып табылатын мүше мемлекеттер арасында электр энергиясын (куатын) мемлекетаралық беруді жүзеге асыру әдістемесі бүгінгі күні одаққа мүше мемлекеттердің аумағы бойынша электр энергиясын мемлекетаралық беруді жүзеге асыру кезінде Арменияға өз қолданысын таратпайды.

Осыған байланысты 2017 жылғы 3 наурызда Еуразиялық экономикалық одақ Кеңесінің өкімімен Армения Республикасының қосылуына байланысты одақ шартына өзгерістер енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлданды.

Хаттаманың мақсаты Армения Республикасының шартқа қосылуына байланысты мүше мемлекеттер арасында электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді жүзеге асыру әдіснамасын айқындау болып табылады.

Хаттаманы ратификациялау Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен, оның ішінде Армения Республикасымен ұзақ мерзімді келешекте электр энергетикасы саласындағы тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Халықаралық шарттың реттеу мәні баға белгілеу мен тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету туралы хаттамаға Армения Республикасының қосылуын ескере отырып, одаққа мүше мемлекеттер арасында электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді жүзеге асыру болып табылады.

Бүгінгі күні хаттаманы Қазақстаннан басқа барлық мүше мемлекеттер ратификациялады.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және өзге де салдарға әкеп соқтырмайды, мемлекеттік бюджеттен қосымша шығыстарды талап етпейді.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Нұрлан Асқарұлы! Армения Республикасын қоспағанда, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің барлық энергия жүйелерінің технологиялық байланысы бар екенін және параллель режимде жұмыс істейтінін ескере келе, Армения одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қалай қатысатындығын түсіндіріп беріңізші. Рақмет.

НОҒАЕВ Н.А. Сұрағыңызға рақмет.

Қазіргі таңда Еуразиялық экономикалық одақтың төрт мемлекетінде параллельді жұмыс жасау мүмкіндігі бар. Армения одақтың ортақ электр энергетика жүйесіне Ресей Федерациясы арқылы қосылады. Ортада Грузия бар. Сіздердің назарларыңызға ұсынылған хаттамада бұның барлығы көрсетілген. Армения өзі үшінші тараппен, яғни Грузия мемлекетімен бұл мәселелерді шешеді. Қазір Ресейден электр энергиясын алып отыр. Бұл мәселелер шешілген. Еуразиялық экономикалық одақ аясында біз оны заңдастырып жатырмыз.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Набиев Вакиль Гусейновичке беріледі.

НАБИЕВ В.Г. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич!

Уважаемый Нурлан Асқарович! После ратификации протокола Республика Армения может участвовать в межгосударственной передаче электроэнергии.

В связи с этим поясните, пожалуйста, как будет формироваться конечная стоимость тарифа в случае покупки Арменией электроэнергии из Казахстана?

НОҒАЕВ Н.А. Спасибо за вопрос.

Тариф будет складываться из стоимости энергии в конкретной энерговырабатывающей организации, которая расположена в Казахстане. Также будет включаться тариф транспортировки от этого предприятия до границы России с Казахстаном, а системный оператор Российской Федерации будет дальше транспортировать согласно своим тарифам до границы с Грузией. По стоимости транспортировки по территории Грузии и стоимости транспортировки с территории Грузии в Армению (до потребителя) Армения договаривается сама.

ТӨРАҒА. Сұрақтарымыз аяқталды. Нұрлан Асқарұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі депутат Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлына беріледі.

ТҮРҒАНОВ Д.Н. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! 2015 жылы Армения Республикасы Еуразиялық экономикалық одақтың толық құқықты мүшесі болғаны белгілі.

Қаралып отырған хаттаманың негізгі мақсаты Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолымен Арменияның электр энергиясын және қуатын мемлекетаралық беруге толыққанды қатысуы үшін құқықтық негізді қалыптастыру және Армения Республикасының Еуразиялық экономикалық одаққа қатысуын ескере отырып, мүше мемлекеттер арасында электр энергиясын және қуатын мемлекетаралық беруді жүзеге асырудың әдіснамасын айқындау болып табылады.

Бұл одаққа мүше мемлекеттердің отын-энергетикалық кешендерінің әлеуетін тиімді пайдалануға, сондай-ақ ұлттық экономикаларды энергетикалық ресурстардың негізгі түрлерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және өзге де салдарға әкеп соқпайды, мемлекеттік бюджеттен қосымша шығыстарды талап етпейді.

Жұмыс барысында заң жобасының қазақ тіліндегі тақырыбы мен мәтіні хаттаманың тақырыбына сәйкес келтірілді.

Мәжілістің барлық комитеттері заң жобасын қолдайтын оң қорытындыларын берді.

Заң жобасын мақұлдап, Сенаттың қарауына жіберуді ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дүйсенбай Нұрбайұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Құлшар Мәлік Иманқұлұлына беріледі.

ҚҰЛШАР М.И. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Армения Республикасы 2015 жылы Еуразиялық экономикалық одақтың толық құқықты мүшесі болды және бір жағынан төрт еркіндікті – тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің еркін қозғалысын қалыптастыруға бағытталған Еуразиялық жобаны іске асыруға ауқымды түрде толық қосылды. Екінші жағынан әлемнің қалыптасып келе жатқан көпбағытты архитектурасының негізгі экономикалық орталықтарының бірін құруға бағытталған.

Арменияның қосылуы және Еуразиялық экономикалық одақтың аумақтық кеңістігінің кеңеюі, оның әлеуетінің дамуына жаңа серпін беріп, жаһандық экономикалық кеңістіктегі ұстанымын күшейтеді.

Қаралып отырған хаттаманың негізгі мақсаты Армения Республикасының электр энергиясын мемлекетаралық беруге қатысуы және одаққа мүше мемлекеттер арасында Электр энергиясын мемлекетаралық беруді жүзеге асыру әдіснамасына өзгерістер енгізу болып отыр.

Ортақ электр энергетикалық нарық құру – одаққа мүше мемлекеттерді дамытудың, олардың әлемдік кеңістіктегі әлеуетін күшейтудің, осы елдердің электр энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды және перспективалы бағыттарының бірі. Осыған байланысты Армения Республикасының ортақ электр энергетикасы нарығына қатысуы үшін құқықтық негізді қабылдаудың оң нәтиже берері сөзсіз.

Баяндалғанның негізінде қаралып отырған заң жобасын қолдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Мәлік Иманкұлұлы.

Құрметті әріптестер, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде бір ғана ұсыныс түсті. Осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 104, «жақтағандар» – 104. Қаулы қабылданды.



*Директор:* Құжатталмамен қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі  
Мамір Н. Мамірұлы.